ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қазан №5265-23-00-2/2546 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар Департаменті» мемлекеттік мекеме (әрі қарай- Департамент).

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарұлы Раймкулов (әрі қарай- ЖК Б.Райымкулов)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар Департаменті» ММ-нің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарұлы Раймкулов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Батыржан Бегайдарұлы Раймкуловтан (ЖСН 910 602 301 645) мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 1 961, 12 (бір мың тоғыз жүз алпыс бір теңге он екі тиын) теңге, мемлекеттік баж салығы 1 784 (бір мың жеті жүз сексен төрт) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 27.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 06.12.2023
5265-23-3-1/2908

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 27.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 06.12.2023

5265-23-3-1/2908